

Қазақ әдебиетінен 6 сыныпқа арналған

Түсінік хат

Қазақ әдебиетінен 6 сыныпқа арналған • Пән: Әдебиет
Сағат саны: 68, аптасына 2 сағат

Әдебиет - өнер, халықтың сана - сезімін, көркемдік ойлау қабілетін байыттын рухани мұра. Әдебиет өмірге деген көзқарасты, эстетикалық талғам мен рухани ізгі мұраттарды қалыптастырады. Ол - жеткіншектердің санасын сергітетін, адамгершілік ізгі мұраттарға бастайтын рухани қазына.

Жалпы білім беретін мектептегі қазақ әдебиеті пәні оқушылардың оқырмандық мәдениетін жетілдіруді, қазақ халқының әдеби мұралары туралы жүйелі түсінік беруді және әлем әдебиеті үлгілерімен таныстыруды, ізгілік, адамгершілік, әсемдік, отансұйғыштік және іскерлік құндылықтарын шәкірт бойына сініруді көздейді.

Мақсаты – сөз өнерін адамзаттың көркем тарихы ретіндегі мәдени мұра, үлттық құндылық деп бағалап, құрметтей алатын, әдеби шығармада бейнеленген құбылысты көркемдік түрғыда қабылдауға қажетті білім, білік, дағдыларды менгерген, оқырмандық талғам мәдениеті қалыптасқан, білім негіздерін өмірлік жағдайларда қолдана біletін елжанды азамат тәрбиелеу

- Міндеттері:
- Оқушыларға төл әдебиеттің үлттық сипаттын, ондағы халықтың әдет - ғұрып, салт - санасының көрінісін, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, көркем туындының идеялық - адамгершілік мәнін түсіндіру.
 - Көркем шығармадағы мазмұн мен форма тұтастырын, тарихи - әдеби мәліметтердің негізін және әдебиет теориясын менгерту.
 - Көркем шығарманы эмоционалды қабылдауға, бейнелі және зерделі ойлауға және қаламгердің көзқарасын түсінуге машықтандыру.
 - Оқушылардың ішкі жан әлемін рухани - адамгершілік құндылықтармен байытып, көркемдік талғамын кеңейту және оқырмандық мәдениетін қалыптастыру, көркем шығармаларды өз бетінше іздең, қызығып окуға дағыландыру.
 - Оқушының өзіне сенімді түрде жұмыс істеуіне бағыт беріп, өз ойын еркін, шешен жеткізе алуға баулу
 - әдеби – теориялық білімін сауатты қолдана алу құзіреттілігін

- қалыптастыру, олардың сыни ойлауларын жетілдіру, ауызша және жазбаша тілін дамыту.
- Қазақ әдебиетінен алған білім мен тәрбиенің нәтижесін өз өмірлеріне қолдана алуға үйрету.

6 – сыныптың «Әдебиет» курсын аяқтай отырып, мыналарды менгеріп шығады:

- көркем әдебиеттің қоғамдық мәні, ауыз әдебиеті ұлгілерін, оның ішінде, батырлық жырлардың өзіндік ерекшеліктерін білу арқылы ұлттық қазына, ұлттық таным, ұлттық рухани сананы қалыптастыру;
- XIX ғасырдағы әдебиет өкілдерін, олардың шығармаларының негізгі ерекшеліктерін ажыратып, шығармаларының негізгі эпизодтарының мазмұнын білу;
- Көркем әдебиеттің кейбір жалпы ерекшеліктері (образдылық), шығарма құрылымы «тақырып, идея, сюжет, композиция), әдеби жанр түрлері, жазушы стилі туралы ұғым жайлы білу;
- XX ғасырдағы қазақ даласының саяси - әлеуметтік жағдайы және оның әдебиеттігі көрінісін білу;
- Көркем шығарманы талдаудың мазмұны мен мақсат - міндеттері: мәтіннің идеялық мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері; олардың арасындағы тығыз байланыс пен бірлестік, шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беру; мәтіндегі табиғат болмысы, түрмис - салт, дәстүрлік ерекшеліктер, шығарманың композициясы мен жанры және олардың әдеби теориялық негіздерін білу;
- Прозалық және поэзиялық шығармаларды, олардың жеке үзінділерін логикалық, екпінмен, айрықша мәнермен, мәтінге өзінің оқырмандық көзқарасын білдіре отырып оқи білуі керек;
- Оқылған шығармалардың басты кейіпкерлерін, олардың көркем шығармалардағы рөлі мен орнын білу;
- Әлем ақын – жазушыларының туындыларын оқи отырып тіл құдіретін түсіну, әдебиеттер арасындағы тақырыптық - идеялық жақындықтарын ұғыну.